

Ақсу қаласының Весенняя, Полевая, Целинная, Майская, Березовая көшелерінің аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Ақсу қаласы әкімінің 2018 жылғы 30 қаңтардағы № 3 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 13 ақпанда № 5855 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақсу қаласы әкімінің 2018 жылғы 26 қарашадағы № 16 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақсу қаласы әкімінің 26.11.2018 № 16 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-бабы 2-тармағының 9) тармақшасына сәйкес, Ақсу қаласының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақсу қаласының Весенняя, Полевая, Целинная, Майская, Березовая көшелерінің аумағында ірі қара малдарда бруцеллез ауруының анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ақсу қалалық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша), "Ақсу қалалық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша), "Ақсу қаласының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесіне осы шешімнен туындайтын қажетті шараларды қолдану ұсынылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Ақсу қаласы әкімінің орынбасары М.А. Мусинге жүктелсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақсу қаласының әкімі
"КЕЛІСІЛДІ"

Н. Дычко

"Ақсу қалалық қоғамдық
денсаулық сақтау басқармасы"
республикалық мемлекеттік
мекемесінің басшысы
2018 жылғы 30 қаңтар
"КЕЛІСІЛДІ"

А. Жалелов

*"Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі
Ветеринариялық бақылау және қадағалау
комитетінің Ақсу қалалық аумақтық
инспекциясы" мемлекеттік
мекемесінің басшысы
2018 жылғы 30 қаңтар*

Г. Батаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК